

С.М. Досмахов, С.А. Талжанов, Л.Т. Малаева

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: laila1079@mail.ru)*

## **Қазақстандағы орта және шағын бизнестің дамуындағы әлеуметтік алғышарттар**

Мақалада Қазақстан экономикасының дамуындағы әлеуметтік мәселелерді шешу барысындағы орта және шағын бизнестің атқаратын қызметі мен маңызы қарастырылған. Экономикалық және әлеуметтік жағдайдың өркендеуі үшін орта және шағын бизнестің дамуы қандай мемлекет болсын маңызды орынға ие. Шағын және орта бизнестің тұрақты дамуы қазақстандықтардың да әлауқатының артуымен тығыз байланысты. Талдаудың нәтижесінде шағын және орта бизнестің жергілікті, аймақтық, өңірлік даму географиясымен, осы салада өндірілген өнім түрлері және қалыптасқан әлеуметтік мәселелер талданды. Шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамытудағы отбасылық және венчурлық инвестициялардың ұлттық жүйесін құруға бірқатар ұсыныстар жасалып, бұл саланы әрі қарай дамыту Қазақстан экономикасын жоғары дамуына зор үлесін қосады.

*Кілт сөздер:* экономика, микроэкономика, индустрия, бизнес, сауда, статистика, әл-ауқат, әлеуметтік, рейтинг, компания, бағдарлама, венчур, кәсіпкерлік, шаруашылық, инновация.

Шағын және орта бизнесті дамыту Қазақстанның ХХІ ғасырдағы индустриалдық және әлеуметтік жаңаруының басты құралы болып табылады. Біздің экономикамыздағы шағын және орта бизнестің үлесі қаншалықты көп болса, Қазақстанның дамуы да соншалықты тұрақты болады делінген. Қазір біздің елімізде бизнесті дамытудың бұрын-соңды болмаған қолайлы ахуалы туып отыр. Бұған Елбасы Н. Назарбаевтың аталмыш салаға айрықша көңіл бөліп отыруы және сол арқылы республикадағы банктердің оны қаржыландыруды жақсы жолға қоюы үлкен мүмкіндіктер беруде. Бұлай болатыны, мемлекет басшысы шағын және орта бизнестің кез келген елдің экономикалық жағынан өсуі мен өркендеуінің негізі екенін ашып көрсетуі себеп болады [1].

Экономикалық өсуді ынталандыру кез келген елдің экономикалық саясатының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, себебі экономикалық өсу халықтың әл-ауқатының артуына жағдай жасайды. Ал бұл тектес кәсіпорындар өз ретінде орасан зор ақша айналымы мен жұмыс орындарын жасап қана қоймайды, сонымен қатар өндіріске жаңа технологияны енгізіп, бизнесті жүргізудің оңтайлы тәсілдеріне батыл қол создырады. Аса өзекті экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу барысында шағын және орта бизнестің рөлі ерекше болып табылады. Шағын және орта бизнес мемлекет тарапынан елеулі шығындарды талап етпестен, салауатты бәсекелі ортаның қалыптасуына, нарықтық тепе-теңдіктің орнауына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, әлеуметтік тұрмыс жағдайы едәуір жақсарған тұрғындар тобының қалыптасуына, тұрғындардың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасайды, ал бұл, ақыр соңында, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Біздің еліміз үшін орта және шағын бизнестің даму мәселелері әрдайым басты мәселе болып табылады. Осы шаруашылық саласының еліміздегі даму тарихына қысқаша тоқталсақ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жеке кәсіпкершілікке деген қоғамдық пікір дұрыс болмады, оларды мемлекеттік меншіктегі басқару жүйесінен нарықтық жүйеге өту үстінде, сол кездердегі халықтың көзқарасы бойынша, мемлекетті тонаушы немесе алыпсатарлар деп ұғынғандығы белгілі. Оның үстіне алғашқы кезеңдердегі заң жүйесінің жетілмеуі жеке меншік сектордың дамуына да біршама кедергі жасады. Бұл үдеріс бұрынғы Кеңестік кеңістікте, соның ішінде Қазақстанда да өзінің жағымсыз жақтарын көрсетті. 90-жж. басында ҚР-да шағын кәсіпорын жөнінде ресми анықтама да болған жоқ, ол кезде әр түрлі құрылымдар түрлі анықтаманы қолданды. Кейбір ұйымдарда шағын кәсіпорынға құрылымында 10 адам немесе саны соған дейін істейтіндер жатқызылса, енді біреулері бұл жіктеуге жұмысшылар саны біршама көп болатын шаруашылық салаларын орта кәсіпорындарға кіргізеді деп есептейді. Оның анықтамасы және оған қойылатын критерийлердің дұрыс болмауы, статистикалық мәліметтердің әркелкілігі республиканың экономикалық дамуына бұл саланың қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік бермеді. Бұл үдеріс жекелеген аймақтардағы жұмыспен қамтылғандардың санын да нақты анықтауға да мүмкіндік бермеді [2].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, яғни, елімізде 1992 және 1996 жж. жүргізілген кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағытындағы бағдарламалар орта және шағын кәсіпорындардың құрылуы мен қалыптасуына негіз салды. Бұл кезеңдердегі шағын кәсіпорынның маңызды атқаратын қызметінің бірі әлеуметтік даму болды, яғни қиын экономикалық дағдарыс кезіндегі өзін жұмыспен қамту, өмір сүруге өзін қосымша қаражатпен жабдықтау, сыртқы сауданы еркіндікке жіберу және ел ішінде жеке саудадағы кедергіні жоюға бағытталған саясат арқылы кез келген сауда жүргізу істеріне де жағдай жасалына бастады. Халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуіне қарамастан, елімізде сол кездерде халықтың сұранысы өте жоғары болған, қытайдың және түріктің тауарларымен ішкі нарық қамтамасыз етілді. Сауда жүргізу ісінде капиталдың тез айналысы оларды орта капиталға айналдырды. Оның үстіне шағын сауда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға тез икемделіп жаппай тұтынушыларды да, сонымен бірге жоғарғы табыс деңгейінде де халыққа қызмет көрсете бастады.

Дамыған елдерде ішкі және сыртқы экономикалық қатынастардың негізгі бөлігі шағын бизнестің үлесіне тиетіндігі белгілі. Егер мемлекет ырғақты және тұрақты даму жолына түскісі келсе, оның әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасына міндетті түрде шағын және орта бизнесті ынталандыру шараларын жетілдіру қажеттілігін арттыруды әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Бүгінде экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы елдерде 40–60 пайыз өндірілген өнім шағын және орта бизнестің үлесіне тиеді. Себебі бұл мемлекеттер аталмыш секторды жандандыруға ерте кезеңдерден мән бергендігі белгілі. Жекелеген елдер экономикасындағы орта және шағын бизнестің елеулі үлесі мен маңызын елдердің экономикасының құрылымы мен халыққа көрсетілген қызмет пен өндірілген өнім арқылы анықтауға болады. Мәселен, АҚШ-та шағын және орта кәсіпорындардан түсетін табыс жалпы ұлттық өнімнің 48–50 %-ын береді, бұл саланың үлесі аталмыш мемлекетте негізінен ауыл шаруашылығы, көтерме сауда, қызмет көрсету салалары сияқты шаруашылық салаларының үлесіне тиеді.

Елімізде ХХ ғасырдың 90 жж. белсенді түрде жүргізілген жекешелендіру үдерістері шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасып дамуына жол ашты. Республикада шағын бизнестің дамуы, экономиканың ойдағыдай реформалануы басты көрсеткіштердің бірі болып табылады. Орта және шағын кәсіпкерлік бірқатар әлеуметтік атқарымдарды орындайды, олардың қатарына халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету және нарықтық қатынастарды демократияландыру үдерістері жатады. Шағын бизнесті шағын кәсіпкерлік деп те атайды. Республикада шағын кәсіпкерлік тиімді нарықтық экономиканың дамуы үшін құрылымдық түзуші фактор ретінде маңызды рөл атқарып отыр. Ол бәсекелі ортаның дамуына жол ашты, нарықты тауарлармен және көрсетілетін қызметтер түрлерімен байытты, халықтың кәсіпшілігін жаңғыртты, жергілікті билік органдарының экономикалық базасын нығайтты, ауылдардың, шағын және орта қалалардың дамуына септігін тигізді. Үлкен кәсіпорындарға қарағанда шағын кәсіпкерліктің артықшылығы жұмсалған күрделі қаржының тез өтелуі, өндірушілердің аймақтық нарыққа жылдам бағдарлануы, сұраным мен тұтынудың өзгеруіне жедел икемделуі мен жұмыспен қамтылудың тез өсуін қамтамасыз етеді [3].

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы жүргізіп отырған әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарының бірі орта және шағын бизнесті дамытуды мемлекет тарапынан қолға алған, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті қолдау шаралары салыстырмалы түрде ТМД елдерінің арасындағы ауқымы бойынша теңдессіз болып табылады. Дүниежүзілік Банктің Doing Business рейтингісінің нәтижелері бойынша, 2014 жж. Қазақстан 2013 жылмен салыстырғанда өз позициясын 3 тармаққа жақсарта отырып, 189 елдің арасында 50 орынды иемденген. Бұл зерттеу жыл сайынғы негізде 189 елде өткізіліп отырады және ол бойынша бизнес-климат қолайлылығының 10 бағыты бойынша елдердің рейтингісі анықталады. ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, Қазақстанда соңғы 9 жылда шағын және орта бизнестің тіркелген кәсіпорындарының саны екі еседен артық мөлшерге өсіп, 2013 жылдың нәтижелері бойынша, 1 542 мың бірлікті құраған. Шағын және орта бизнес тұрақты дамуы азаматтық қоғамның дңгегі ретінде барша қазақстандықтардың әлауқатының артуымен тығыз байланысты. Статистика агенттігінің үстіміздегі жылғы мәліметі бойынша, қазіргі таңда елімізде 627779 белсенді компаниялар мен жеке кәсіпкерлер тіркелген, шамамен олардың 99 пайызы шағын және орта бизнестің үлесіне тиеді. Соның ішінде барлық субъектілердің 61,1 пайызын жеке кәсіпкерлер, 27,1 пайызын шаруа (фермерлік) қожалықтары, 10,4 пайызын шағын кәсіпкерліктің, ал 1,4 пайызын орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары құрайды.

Шағын және орта бизнестің белсенді субъектілері саны жөнінен екі облыс алда келеді. Солардың ішінде 119246 құрылымымен еліміздегі жалпы көрсеткіштің 18,99 пайызын құрайтын

Оңтүстік Қазақстан облысы бірінші орында тұр. Екінші орындағы Алматы облысы жалпы көрсеткіштің 16,44 пайызын қамтитын 103241 субъектіге ие. Ал бұдан кейінгі орындардағы аймақтардың үлес салмақтары бұлардан едәуір төмен. Бұған көз жеткізу үшін үшінші, төртінші орындардағы Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы қаласында тиісінше 61995 және 56221 шағын және орта бизнес құрылымдары бар екендігі анықталды.


Артта қалушылар қатарында Атырау облысы 17700, Маңғыстау облысындағы көрсеткіш 15941 болса, Қызылорда облысы 12917 деген сандармен аяқтайды. Кәсіпкерліктің жекелеген тармақтарына келсек, заңды тұлғалы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Алматы қаласында бұл көрсеткіштер тиісінше 18215 және 2335 сандарын көрсетеді. Қалған аймақтарда бұл цифралар едәуір төмен. Сол сияқты жеке кәсіпкерлік пен шаруа (фермерлік) қожалықтарының саны жөнінен Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары бірінші орындарды иеленеді. Ал осылардың шаруа (фермерлік) қожалықтарынан басқалары бойынша Қызылорда облысы соңғы орында. Статистика агенттігінің мәліметі бойынша, еліміздегі шағын және орта бизнес құрылымдарына 2156901 адам жұмысқа тартылған. Олардың 552445-і заңды тұлғалы шағын бизнесте жұмыс істесе, 422464-і заңды тұлғалы орта бизнес құрылымдарында жұмыс атқарады, 728682-сі жеке кәсіпкерлікпен шұғылданады, 453310-ы шаруа қожалықтарында жұмыс жасайды. Шағын бизнес кәсіпорындары санының жедел қарқынмен өсуі жалпы алғанда өнеркәсіпте (174,8 %), балық аулау мен балық өсіруде (181,9 %), мейманхана және мейрамхана бизнесінде (168,9 %), білім беруде (182,2 %), денсаулық сақтауда және әлеуметтік қызметтер көрсетуде (180,2 %) байқалып отыр. 2000–2015 жж. аралығында шағын бизнес кәсіпорындары шығарған өнім көлемі ағымдағы бағамен есептегенде шамамен 5 есеге көбейген. Аймақтық тұрғыда өнім шығару көлемінің жартысына жуығы дерлік Алматы мен Астана қалаларының үлесіне тиеді: 47,1 %, Астана қаласының үлесі соңғы 5 жылда 9 %-дан 15,8 %-ға дейін артқан. Мұндай өсім Атырау облысында 4,3 %-дан 7,2 %-ға, Қызылорда облысында 3,1 %-дан 4,0 %-ға өскен. Бүгінгі күні экономикалық өсудегі негізгі бағыт — шағын кәсіпкерлікті ынталандырып, оны ұлттық экономикадағы рөлін өсіру. Шағын кәсіпкерлік шаруашылық іс-әрекеттің негізгі әдісі ретінде шаруашылық нысандарының көптеген түрлерін ынталандыруға, халықтың жұмыспен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға және Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісіндегі салыстырмалы артықшылықтарын көрсететін болады. Қазақстанның қазіргі экономикасы орта және шағын кәсіпкершіліктің маңызын көтеріп отыр.

Шағын бизнесті қолдаудың республикалық кешенді бағдарламаның негізгі ішінара бағдарламалары, шағын кәсіпкерлікті дамытудың қамтамасыз етуші ішінара бағдарламалары нормативтік-құқықтық, қаржылық, материалдық-техникалық, кадрлық және ақпараттық қамтамасыз етудің ішінара бағдарламалары болып табылады. Осы ішінара бағдарламалар түпкі мақсатты жүзеге асыруға тікелей әсерін тигізбесе де, оған жетуге барлық қажетті жағдайларды жасайды. Осыған орай орта және шағын бизнесті қолдаудың қаржылық ішінара бағдарламаларында Қазақстандағы орта және шағын бизнес саласына бағытталған қаржылық несиелік ресурстардың негізгі қайнар көздерінің бірі Азиялық Даму Банкі (АДБ) мен Еуропалық қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ) болып табылатынын атап өтуге болады.

Шағын бизнесті қолдаудың кешенді бағдарламасын ресурстық зерттеу бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға қажеттілігін, яғни оның ресурстық қамтамасыз етілу құрылымы мен құрамын, анықтаудан тұрады, ол келесідей түрлерге жіктеледі:

- нормативтік-құқықтық;
- қаржылық;
- материалдық-техникалық;
- кадрлық;
- бұқаралық-ақпараттық.

Шағын бизнесті қолдаудың мақсатты кешенді бағдарламасын жүзеге асыруда қаржыландырудың негізгі көздері мемлекеттік бюджеттік құралдар арқылы 60 пайыз қолданса, бюджеттік емес ұйымдардан 15 пайыз, басқа қаржыландыру көздері арқылы 25 пайыздай құрайтындығын аңғаруға болады. Осыған сәйкес бүгінгі күнде республикалық бюджеттен және жергілікті бюджеттен де шағын бизнесті тікелей қаржылық қолдауға мүмкіндіктер жасалынып жатқанын ескереміз (сур. қара).



Сурет. Аймақтар бойынша шағын бизнесті қолдаудың мақсатты кешенді бағдарламасы

Әрбір іс-шаралар бойынша ресурстарға қажеттілікті анықтау керек. Сонымен бірге материалдық, еңбектік және қаржылық елеулі шығындарды талап етпейтін іс-шараларды өндіруге, ішкі резервтерді жеткілікті түрде пайдалануға бейімделу маңызды болып табылады.

Еліміздің кәсіпкершілікті дамытуда жеткен жетістіктері аймақтар мен аудандардың тең деңгейде дамуына негіз болады. Сондықтан аймақтармен және жекелеген аудандардағы орта және шағын бизнестің дамуын кешенді бағалаудың ерекше мәні зор. Ауданның орта және шағын бизнес дамуын зерттеу мынадай сызба арқылы түсіндіруге болады. Яғни шағын кәсіпкерлік қоғам дамуының барлық кезеңдерінде болған. Соның арқасында дүниежүзілік өркениеттің дамуы арқылы сол кездегі елдердің барлығына таралған. Ірі бизнестің пайда болуына дейін шағын кәсіпкерлікке қойылатын мәселе болмаған.

Мемлекеттің шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыруға ден қоюы ірі кәсіпорындардың жедел дамуына қуатты серпін береді. Ірі өндірістерге қарағанда, шағын кәсіпкерліктің бірқатар артықшылықтары бар екенін де айту керек. Экономиканың құрылымдық қайта құруларында оның көріністерін жазбай тануға болады: кәсіпкерлердің нарықтық таңдау жасауына мүмкіндігі мол, қосымша жұмыс орындарын ашуға да оңтайлы, жұмсалған шығындардың қайтарымы да тез, тұтынушылар сұранысына да жедел бейімделіп кетуге болады. Шағын бизнес нарықты тауарлар мен қызметтермен молықтыруға жағдай жасайды. Салалық және аумақтық монополизм қармағына түсіп қалмайды. Ең бастысы, бәсекелестік деңгейін арттыруға жол ашады. Сондай-ақ шағын кәсіпкерлік халықты жұмысқа орналастыру саласында да ерекше әлеуетке ие, өндіріске қосымша жұмыс күштерін тартуға да оң ықпал етеді. Ірі өндіріс орындарында оралымсыздық салдарынан мұндай мүмкіндік бола бермейді. Бір жағынан, технологиялық ерекшеліктер де үлкен кәсіпорындардың мүмкіндігін шектейді.

Шағын бизнесті қолдаудың кешенді бағдарламасының негізгі мақсаттарын жіктеуде оның ішінара мақсаттары, яғни мақсатқа жету құралдары мен жолдары, айқындалады. Ішінара мақсаттарға сәйкес, шағын бизнесті қолдаудың кешендік бағдарламасы түрлі деңгейдегі бағдарламалардан құралады. Бағдарламаны әзірлеу мен жүзеге асыру арасындағы жауапкершілікті нақты белгілеу арқылы оларды дайындау мен басқарудың тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету қажеттілігін

айқындай отырып, оны жекелеген бағдарламаларға бөлу жүргізіледі. Мақсатты кешенді бағдарламалар негізгі ішінара және қамтамасыз етуші бағдарламалар болып бөлінеді (кестені қара).

К е с т е

**Орта және шағын бизнесті қолдаудың мақсатты кешенді бағдарламасын топтастыру сипаттамасы**

Бағдарламаның түрлері	Топтау белгілері
Мақсатты даму	Мақсатқа бағытталған сипаты бойынша
Орта мерзімді	Мақсатқа жету уақыты бойынша
Көп мақсатты	Мақсаттың бағыты бойынша
Мемлекеттік (аймақтық, жергілікті)	Мақсаттың ауқымы бойынша
Әлеуметтік-экономикалық	Қызмет түрлері бойынша
Жалпы жүйелілік	Орындаушылардың құрамы бойынша
Кешенді жүйелілік	Ұйымдастырушылық шаруашылық байланыстардың сипаты бойынша
Проблемалық-нысаналы	Әсер ету объектісі бойынша

Классикалық экономика өкілдерінің барлығының зерттеуі бүгінгі шағын кәсіпкерліктің сол кездегі жағдайы қызықтырады. Мұның барлығы бізге микроэкономика мен экономикалық ілімдер тарихынан белгілі. Еңселі еліміздің өркендеуінің негізі болып табылатын осы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері әкеліп жатқан табыстар қандай, енді соған тоқталайық.

Салыстырып қарасақ Республикалық статистикалық агенттік ұсынған 2012 жылдың мәліметтеріне сүйенсек, осы саладан түскен табыс республика бойынша 4 трлн 508 млрд теңге болғаны байқалады. Бұлардың арасында заңды тұлғалы шағын кәсіпкерліктің табысы 1 трлн 114 млрд 843 млн, заңды тұлғалы орта кәсіпкерліктің үлесі 2 трлн 650 млрд 288 млн, жеке кәсіпкерлердің қосқаны 536 млрд 344 млн, ал шаруа (фермерлік) қожалықтарының әкелгені 256 млрд 605 млн теңге көлемінде құрады. Аймақтардан Алматы қаласының үлесі бәрінен басым. Осы субъектілер әкелген барлық табыстың 27,64 пайызы, яғни 1 трлн 135 млрд 482 млн теңгесі, Алматы қаласының үлесіне тиеді. Келесі орындағы Астана қаласына тиесілі қаржының көлемі бұдан екі есед төмен, ол 504 млрд 569 млн теңге құрады. Үшінші орындағы Батыс Қазақстан облысының еншісіне 334 млрд 967 млн теңге жазылса, төртінші орындағы Атырау облысында 273 млрд 877 млн теңге, бесінші орынды Алматы облысы 255409 млн, алтыншы орынды Оңтүстік Қазақстан 206367 млн, жетінші орынды Шығыс Қазақстан 193747 млн, сегізінші орынды Қарағанды (188068 млн), Ақмола 122443 млн және Павлодар 114048 млн облыстары 11–13 орындарды иеленген. Көрсеткіш соңын Қызылорда 113144 млн, Солтүстік Қазақстан 108537 млн және Жамбыл 85450 млн облыстары аяқтайды. Осылайша, шағын және орта бизнес экономикалық тұрғыда белсенді тұрғындардың арасында барынша кеңінен тараған қызметтің түріне айналып отыр. Бұл мемлекетіміздің жоспарлы саясатының дұрыс таңдалғанын, сондай-ақ еліміздегі бизнес-климаттың қолайлы екенін куәландырады. Кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет айрықша мүдделі. Өйткені осы арқылы қаншама түйінді проблемалардың шешімін табуға болады. Біздің жүргізген зерттеулерге сәйкес, әлеуметтік әріптестікті дамыту арқылы билікпен, кәсіпкерлермен және жалдамалы жұмысшылармен арадағы қоғамдық қатынасты үйлестіруге жол ашылатындығын байқауға болады. Сондықтан қазіргі кезде отбасы бизнесінің рөлінің артуына аса зор көңіл бөлінуде және мемлекет тарапынан жан-жақты қаржыландыруда. Отбасы бизнесі Қазақстанда кеңінен таралған. Шағын кәсіпкерлікті ұйымдастырудың бұл түрін жандандыру, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын отбасылардағы туысқандық байланыстарының дәстүрлі беріктігімен, үлкендерді құрметтеуі, тұтас шаруашылықты бір отбасы мүшелерімен жүргізу мүмкіндігімен түсіндіріледі. Отбасы бизнесінің басқа кез келген баламалар сияқты оң және теріс жақтары болады. Артықшылығы, ең алдымен, отбасы мүшелерінің бірлестігінде, істің табысты болуына шын ниетті қызығушылық тудыруында және орындалатын жұмыс сапасы үшін жоғары жауапкершілік танытуында болып табылады. Себебі отбасы бизнесінде жұмысшыларда, ереже бойынша, шеттен келетін еңбекақының басқа көздері болмайды, ал жұмыстың алға жүруі, жұмыстағы сәттілік тек осы бизнесімен байланысты, осыған сәйкес, жұмыстан күтілетін нәтиже де іс жүзінде табысты болады. Осыдан шаруашылық қызметіне ішкі бақылау жасау өзара түсіністік пен ынтымақтастық сипатта жүргізіледі. Екінші жағынан, басшының қатардағы жұмысшылармен өзара қарым-қатынастары жағымды әсер етуі мүмкін және, керісінше, басқаша жағдайда отбасы бизнесінің дамуына кедергі болуы да мүмкін. Шаруашылықты басқаруды дұрыс

жүргізсе, шаруашылық басшысы жұмысшыларына, яғни өз қарамағындағы туыстарына үлкен қамқорлық көрсетеді, бұл, әрине, еңбекті ынталандырады, қызығушылықты арттырады, рухани қанағаттанушылықты жоғарылатады, еңбек өнімділігі жоғарлайды. Егер, керісінше, қызметтестер арасында отбасылық тартыс негізінде мәселелер туындаса, онда оның зардаптарын болжау мүмкін емес. Отбасы бизнесінің басты кемшілігі ретінде бизнестің табыстылығына отбасы мәселерінің тікелей ықпалын бөліп көрсетуге болады. Ол отбасы бизнесінің сабақтастығын «қиын жағдайда» қалдыруы мүмкін. Бизнесті ұйымдастырудың отбасылық түрінің көрсетілген кемшіліктеріне қарамастан, әлемнің барлық елдерінде бұл нысан маркетингтік артықшылықта үлкен беделге ие. Соның ішінде жұмыспен қамту, әсіресе жастарға жұмыс тауып беру мәселесі шешімін тез табады. Іс жүзіндегі шағын кәсіпорындарда жаңадан жұмыс орындарын құру арқылы және халықтың өз бетінше әрекет етуін кеңейту арқылы мыңдаған адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады. Шағын бизнес ішкі нарықтың дамуын қалыптастырып және басқа да өктем әлемдік бәсекелестіктен тыс дамытуға мүмкіндік береді [4].

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі шағын және орта бизнес құрылымдарында жұмыс істеп жүрген халықтың саны жөнінен де Оңтүстік Қазақстан облысы 285308 көрсеткіштерімен алда келеді. Осы салалар арқылы әл-ауқаттарын көтерушілердің қатары Алматы қаласы мен Алматы облысында да басым. Оларда бұл деңгейлер тиісінше 275447 және 255321 мөлшерінде. Ал оларды субъектілер түрлеріне қарай бөліп қарастырғанда, заңды тұлғалы шағын және орта бизнеске қамтудан Алматы қаласының үлесі айрықша жоғары. Онда бұл салалар тиісінше 126330 және 71791 адамды құрайды. Сол сияқты 89658 адамға жұмыс тауып берген Шығыс Қазақстан облысы жеке кәсіпкерлікті дамыту жөнінен көшбасында тұр. Ал шаруа (фермерлік) қожалықтарында жұмыс істейтіндер саны Оңтүстік Қазақстан облысында бәрінен де көп 141403 адамды құрайды. Мемлекеттен бюджетке орта және шағын кәсіпкерліктен түсетін салықтық түсімдерді ұлғайту арқылы әлеуметтік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етуге болады. Инновациялық және жоғары технологиялық салаларда шағын кәсіпкерліктің иығына артылар салмақ та жеңіл емес. Бизнесті электронды түрде жүргізу үшін біртұтас ақпараттық кеңістік құру да маңызды. Ғылымды терең түрде қолдануды талап ететін салаларда кәсіпкерлік қызметті оңтайлы қолдану арқылы жетістіктерге жетуге болады. Халықаралық ынтымақтастық және іскер кооперация арқылы ел экономикасына инвестиция тартуды еселей түсудің де мүмкіндігі жетіп артылады. Ірі кәсіпорындар жұмысын шағын кәсіпорындармен субконтрактылық және басқа да кооперациялық байланыстар арқылы оңтайландыруға әбден мүмкіндік бар. Кәсіпкерлік қызметтің отбасылық түрін нығайтуға да болғандай.

Қазіргі таңда Қазақстандағы шағын кәсіпкерлік саласында 1,7 млн астам адам еңбек етеді. Осыншама адамның отбасында, әулетінде қаншама жан бар. Кәсіпкерліктің дамуына жүргізілген талдаулар бұл саланың елдегі халықты жұмыс орнымен қамтамасыз етумен елдегі тұрақтылыққа оң ықпал жасап отырғанын айғақтайды. Әйтсе де, қазіргі күні шағын кәсіпкерлік саласында өндірілетін өнімдерден гөрі сауда-саттық, делдалдық қызмет түрлерінің үлес салмағының әлі де болса көп екенін де айту керек. Соның салдарынан шағын бизнес тарапынан түсетін салықтық түсімдер жалпы алғанда 10 пайыздан аспай жатыр. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің іс-әрекеті көбінесе жергілікті жерлердегі атқарушы органдардың іс-қимылына тәуелді болып келетіні де жасырын емес. Сол себептен де шағын бизнестің өркенін кең жаю үшін мемлекеттік қолдау қажеттігі білініп отыр. Бұл үшін арнаулы шараларды қолға алу қажет. Мемлекет кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғауды, қолдауды қамтамасыз етеді. Біздің елімізде кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығы негізгі Ата Заңда Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан. Онда әркім кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқықты, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызметке пайдалана алады делінген [5].

Нақтырақ айтқанда, Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың жеті мемлекеттік бағдарламасы қабылданып жүзеге асырылды. Қазақстанда индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру мемлекеттік саясатты шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға бағыттау және мемлекет пен кәсіпкерлік қатынастар арасында жаңа идеологияны құру қажеттілігін көрсетті. Инновациялық экономиканы дамытуда жекелеген кәсіпорындар бәсекелестігін арттыру үшін шағын және орта кәсіпкерліктің ауқымдылығын, жан-жақтылығын, нарықтық қажеттілігін қолдану мәселелері жетілдірілді. Мемлекет кәсіпкерлік саласын дамытудағы ұсыныстарды жүзеге асыру үшін кәсіпкерлер қолайлы жағдай жасай

отырып, өзінің көмегін бәсекеге қабілеттілік әлеуеті басымдыққа ие және елдің ғылыми-техникалық әлеуетін көтеретін шағын және орта бизнес кәсіпорындарына қарай бағыттады.

Қазақстанның бүгінгі ғылыми-техникалық және инновациялық саясаты инновациялық үрдістердің белсенділігінің артуына, жаңа технологияларды енгізуге, өнеркәсіптің өндіруші саласындағы жаңа бәсекеге жетуге, ғылым мен өндірістің арасындағы айырмашылықты жақындастыруға, қазіргі шетелдік технологиялармен қарулануға және халықаралық стандарттарды енгізуге бағытталған. Мемлекет инновациялық іс-әрекеттерді дамыту үшін ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік секторынсыз даму мүмкін еместігін түсініп отыр. Оның үстіне шағын кәсіпорын субъектілерінің өнімінің бәсекеге қабілеттілігі төмен. Бұл екі жақтың да бір-біріне керектігін көрсетіп отыр. Осыған байланысты индустриялық-инновациялық бағдарламада монополистердің негізгі қызметіне кірмейтін қызмет көрсету салаларын шағын кәсіпорындарының бәсекелестік ортасына беру механизмі қарастырылуда. Сонымен бірге шағын кәсіпкерлікте ғылыми сыйымды өндірісті дамыту үшін құрал-жабдықтар мен технологияны лизингке алу және ірі бизнеспен арадағы франчайзингтік қатынасты кеңейту мәселелері қарастырылуда. Аз шығындар жұмсай отырып, бастысы өте төмен тәуекелмен капиталды арттырудың басқа әдісі шағын бизнесті франчайзингтік қатынастар арқылы құру болып табылады. Қазақстанда кәсіпорындарды ұйымдастырудың бұл нысаны жаңа болғанымен, болашақтағы маңызы зор болып саналады. Экономикасы дамыған елдерде әрбір жиырмамыншы кәсіпорын франчайзингтік бағытта жұмыс жасайды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша құрылғанына 5 жыл болған франчайзингтік фирмалардың 90 пайызға жуығы әлі күнге сәтті жұмыс істеп жатыр деген қорытынды нақтылы дәлелдермен айғақталады. Қазақстанда франчайзинг қатынастар жергілікті фирмалардың алдыңғы қатарлы шетелдік компаниялармен халықаралық бірлестік нысандарымен бірге дамуда. Мәселен, 1995 ж. Қазақстан Республикасында шет мемлекеттердің қатысуымен біріккен кәсіпорындар саны 736 болса, 2000 ж. оның саны 2366 болса, 2012 ж. 9875 деп есептелінді. Мысалы, Астана қаласында шетелдіктердің қатысуымен Темір бетон бұйымдары зауыты «АББ Крафтверге АГ» германиялық фирма жұмыс істесе, «АК Турбо» келісім-шарты бойынша қуаттылығы 100 МВт турбина және сағатына 250 т бу шығаратын котелутилизатор салынды. Осы мақсатта германиялық фирма құны 54,2 млн АҚШ долл. сомасында болатын несие желісімен қамтамасыз етті [6].

Біз атап көрсеткендей, елде экономиканың өнеркәсіп саласында қызмет ететін ШКС-нің жартысына жуығы қазіргі күні сауда-саттық саласында, 4 % — құрылыс саласында, 3 % — өндірісте жұмыс атқарса, ал экономикасы жоғары дамыған экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдеріндегі осыған сәйкес көрсеткіштерімен салыстырғанда бұл көрсеткіш төрт есеге төмен. Бұл мәлімет ШКС дамуының осындай үдерісі экономиканың жан-жақты дамуының әлі де болса қабілетсіз екендігін көрсетеді. Әртараптандыруды қамтамасыз етуде негізінен өнеркәсіптік сектордағы кәсіпорындарды, сондай-ақ әсіресе өңдеуші кәсіпорындар салаларын дамыту қазіргі кезде маңызды рөл атқаратындығын атап көрсетуімізге болады.

Шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін Қазақстандағы венчурлық инвестициялардың ұлттық жүйесін құру маңызды бағыт болып саналады. Венчурлық инвестициялардың негізгі тиімділігіне мыналарды жатқызуға болады:

- шағын инновациялық кәсіпкершілікті экономиканың нақты секторында, ғылыми-техникалық салада жоғарғы технология арқылы кешенді дамыту;
- ғылыми-техникалық және инновациялық іс-әрекеттің нәтижесін коммерциализациялау;
- инновациялық іс-әрекетті инвестициялауды жақсарту;
- қазақстандық тауарлардың әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін көтеруге бағытталған технологиялық жобалар мен инновациялық жобалар тетіктерін оңтайландыру;
- отандық орта және шағын кәсіпкершілікті қаржыландыру жүйелерін барынша жетілдіру;
- шағын және орта бизнесті дамыту арқылы халықтың әлеуметтік жағдайларын арттыру.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті — Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы. — 2014. — 17 қаңт. — 2 б. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.akorda.kz

2 Сәбден О. Шағын кәсіпкерлікті басқару. — Алматы: Экономика, 2009. — 250 б.

3 *Кожакмет М.* Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. — 480 б.

4 Малый и средний бизнес Казахстана. — 2015. — № 1.

5 *Әлімбаев Ә., Жайлауов Е.* Аймақтық инновациялық дамуының негіздері туралы // Орталық Қазақстан. — 16 қараша. — 2016. — № 81 (22315). — 4 б.

6 *Сәбден О., Тұрғынбаева А.* Шағын бизнес негіздері. — Астана: Фолиант, 2008. — 63–66-б.

С.М. Досмахов, С.А. Талжанов, Л.Т. Малаева

## Социальные предпосылки в развитии малого и среднего бизнеса в Казахстане

В данной статье рассматриваются вопросы экономического развития, социальные аспекты, роль и значимость среднего и малого бизнеса в Казахстане. Во всех странах значение малого и среднего бизнеса в развитии экономических отношений является приоритетным. Сложившееся и устоявшееся развитие малого и среднего бизнеса также влияет и на благосостояние граждан Казахстана. В результате анализа выявлены виды производимых продуктов по отраслям малого и среднего бизнеса и развитие географии областного и республиканского масштабов. Предложены инновационные пути развития индивидуального предпринимательства в виде внедрения венчурных инвестиций, которые вносят большой вклад в развитие экономики Казахстана.

*Ключевые слова:* экономика, микроэкономика, индустрия, бизнес, торговля, статистика, благосостояние, социальные, рейтинг, компания, программы, венчур, предпринимательство, хозяйство, инновация.

S.M. Dosmachov, S.A. Talzhanov, L.T. Malaeva

## Social conditions in the development of small and medium business in Kazakhstan

In this article shall be regarded questions about economic development and social aspects, role and significance of small and medium business in Kazakhstan. In all countries the significance of small and medium business in development of economical relationship is considered priority. Existing and conventional development of small and medium business also influences to well-being of people of Kazakhstan Republic. As a results of analysis identified types of produced products by small and medium business and development of geography of regional and republic measure. In this article are considered innovation based development of individual enterprise by means of implementation of venture capital investments which made big deposit in development of Kazakhstan economics.

*Keywords:* economics, microeconomics, industry, business, trading, statistics, welfare, social, rating, company, programmes, venture, enterprise, economy, innovation.

### References

1 *Kazakhstan Way – 2050: One aim, one future, one desire.* The President of Kazakhstan Republic, The leader of a Nation N.A. Nazarbayev, 17<sup>th</sup> of January, 2014, p. 2, [ER]. Access mode: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

2 Sabden O. *To manage small business*, Almaty: Economics, 2009, 250 p.

3 *Kozhakhmet M. The economical and social geography of Kazakhstan Republic*, Karaganda: Karaganda State University publ., 2006, 480 p.

4 *The small and medium business of Kazakhstan*, 2015, 1.

5 Alimbayev A., Zhailauov E. *Central Kazakhstan 16<sup>th</sup> of November*, 2016, 81 (22315), p. 4.

6 Sabden O., Turgynbayeva A. *The principles of small business*, Astana: Pholiant, 2008, p. 63–66.